



Мәжіліс

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚАЗАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

УНИВЕРСИТЕТІМ

ҚАЗАТУ жас ғалымдарға баспана кілтін салтанатты түрде тапсырды



ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті басшылығы алғаш рет жас ғалымдарға, докторанттарға және магистранттарға салтанатты пәтер кілтін тапсыру рәсімін және мерекелік концерт өткізді.

Кілт тапсыру рәсіміне Астана қаласы әкімінің орынбасары Андрей Лукин, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ Басқарма төрағасы Ақылбек Күрішбаев, «Родина» ЖШС-нің Бас директоры Иван Сауэр, құрлыс мердігерлері, университет ардагерлері, оқытушылар құрамы, докторанттар мен магистранттар қатысты.



Азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету әрдайым мемлекет басшысының ерекше бақылауында болған және бола бермек. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Есіл өзенінің сол жақ жағалауында жас оқытушылар мен докторанттар және магистранттарға арналып инфрақұрылымы дамыған, 120 пәтерлік 5 қабатты үш үй салынды. Бұл соңғы 30 жыл ішінде университетте салынған үлкен құрылыс нысаны, әрі қазіргі дағдарысқа қарамай мемлекеттің білім беру саласына жасап жатқан үлкен қамқорлығының көрінісі. Қызметтік пәтер кілттерін жас оқытушылар, академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелде тағылымдамадан өткен жас ғалымдар және «Болашақ» халықаралық стипендиясының стипендиаттары алды.



Университет ректоры Ақылбек Күрішбаев өз сөзінде, экономикалық дағдарысқа қарамастан, мемлекет өзінің әлеуметтік міндеттемелерін әрқашан орындап келеді. 30 жыл

ішінде алғаш рет университетте қызметтік тұрғын үй салынды. Сондай-ақ, әлемдік жоғары оқу орындарымен бір деңгейде болуға, мемлекетіміздің аграрлық саласын дамытуға және оқытушыларға, жас ғалымдарға қолдау көрсетуге университет қолдан келгеннің бәрін жасайтынын айтты.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Андрей Лукин 8 отбасыға көптен күткен пәтер кілттерін салтанатты табыс етіп, қазіргі уақытта Астанада тұрғын-үймен қамтамасыз ету іс жүзінде бір адамға шамамен 29 ш.м. құрайды, 2 млн шаршы метр тұрғын үй жыл сайын тапсырылатындығын атап өтті. Бүгін 120 отбасы жаңа қонысқа кіреді, бұл білім беру саласының қызметкерлерін ғылыми шығармашылықпен айналысуды ары қарай жалғастырулары үшін берілген белгілі бір ынталандыру деп білеміз - деді.

Салтанатты рәсімнің соңы мерекелік концертке ұласты. Келген қонақтар пәтер иелерінің үйлеріне кіріп, ақ тілектерін айтып, құттықтады. Жаңа қоныс иелері қала әкіміне, оқу орнының басшылығына рахмет айтып, өз ризашылықтарын білдірді.



*С.Сейфуллин атындағы ҚАЗАТУ-нің
Баспасөз қызметі*

«ҚазАТУ – білім бұлағы» атты салтанатты жиын



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Білім күніне арналған «ҚазАТУ – білім бұлағы» атты салтанатты жиын өткізілді.

Аталған жиынға С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ ректоры, профессор А.Күрішбаев, 2016 жылғы Бразилиядағы Олимпиада ойындарының чемпионы, халықаралық спорт шебері, бокстан Қазақстан құрамасының капитаны, ҚазАТУ түлегі Данияр Елеусінов, университеттің оқытушы-профессорлары, 1-курсқа қабылданған студенттер қатысты.

Шара барысында университет ректоры ҚазАТУ студенттері мен оқытушыларын білім күнімен құттықтап,

оқу орнының бүгінгі жетістіктері және алдағы мақсаттарын айқындап өтті. Университет басшысы өз сөзінде «Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Ұлт болашағы білімдінің қолында, ХХІ ғасыр - білім ғасыры» - деген болатын. Президентіміздің осындай сындарлы саясатының арқасында білім саласына зор көңіл бөлінуде.

Бүгінгі күні Қазақстан – кемелденген, қуатты мемлекетке, қазақстандықтар – тарихы біте қайнасқан, тағдыры ортақ тұтас халыққа айналды. Біз – өткенімізге құрметпен қарап, болашағымызға сеніммен көз тіккен халықпыз.

Біздің университетіміздің ең басты құндылығы сапалы білім беру. Осыған орай, аталған салада барлық жұмыстар жасалынып жатыр.

2016-17 оқу жылында біз бакалавриат мамандығы бойынша 1217 грантты жеңіп алдық. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 156 грантқа, яғни 13% көп. Ал жалпы оқу ордамызға биыл 3 мыңнан аса талапкер 1-курсқа студент болып қабылданды. Университетімізде 62 профессор жемісті қызмет етеді.

Біз ғылым гранты бойынша республиканың жоғары оқу орындары арасында 4-орынға көтерілдік, ғылыми зерттеу жұмысын қаржыландыру соңғы 4 жылда 6 есе өскендігінде айта кеткім келеді. Әлемдік «QS» агенттігінің сараптамасы бойынша С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті әлемдегі 800 үздік университеттің қатарына енген қазақстандық 9 университеттің бірі. Ал республикамыздағы 60 оқу орынның ішінде алғашқы бестікке енген «Ең үздік техникалық жоғары оқу орны» болып анықталды. Біз үшін бұл үлкен мәртебе, көрсетілген сенім! - деп оқу орын басшысы шынайы тілегін жеткізді.

Одан кейін Олимпиада чемпионы Данияр Елеусіновке сөз берілді. Ол университет студенттерін Білім күнімен құттықтап, жақсы оқуларына тілегін білдірді. Данияр университет ректоры Ақылбек Қажығұлұлына, экономика факультетінің деканы Әлия Сабыржанқызына және барлық оқу орны ұстаздарына алғыс айтты.

Іс-шара барысында олимпиада чемпионы Данияр Елеусіновке университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен «ҚазАТУ-дың даңқты түлегі» атағы беріліп, сертификаты салтанатты табысталды.

Білім күні шарасы соңында жаңа оқу жылына қадам басқан ұстаздар мен студенттерді университетіміздің өнерпаздары мерекелік концерт арқылы құттықтады.



ҚазАТУ-да қызметкерлерге баспана кілті табысталды



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде тұрғын үй бөлудің екінші кезеңіне сәйкес, Ғылыми кеңес отырысының шешімімен 17 адам қызметтік пәтерге ие болды. Олар ҚазАТУ-дың белді оқытушы-профессорлары, қызметкерлері.

Өзінің құттықтау сөзінде Басқарма төрағасы А.Қ.Күрішбаев, университетте қызметкерлер мен студенттерге әлеуметтік қолдау жақсы көрсетілуде. Айталық, Есіл өзенінің сол жағалауында инфрақұрылымы дамыған 120

отбасылық қызметтік пәтер пайдалануға берілді. Университетке келу үшін қызметкерлерге арнайы автобус бөлінген. Студенттерге де 800 орындық жатақхана жақын айларда беріледі. Мұндай үлкен құрылыс нысандары соңғы 30 жылда салынбаған болатын. Бұл бізбен сіздердің ортақ қуаныштарымыз – деп, оқу орын басшысы сөзін түйді.

Жиын соңында жиналғандар университет ректорына өз алғыстарын білдірді.

Естеріңізге сала кетейік, Білім күні қарсаңында осы жаңа үйге 55 оқытушы қоныстанған болатын.

Әріптестерімізді қоныс тойымен құттықтаймыз!



Я ОПТИМИСТ ПО ПРИРОДЕ



Текст психологического консультирования, опросников, тренингов за прошлый учебный год показал, что наши студенты-первокурсники креативны, индивидуальные личности и открыты к диалогу: «Со мной можно найти общий язык. На моём жизненном пути всегда встречается человек, на которого мне хотелось быть похожим. Если у меня появляется желание, то не могу дождаться момента, когда оно сбудется. Я стеснителен (-а). Меня легко вывести из себя. Мне не нравятся недоброжелательные люди. Я намеренно никого случайно не обижаю. Мне трудно расставаться с тем, что мне принадлежит. По-моему мнению, не стоит напрасно злиться, лучше спокойно все обдумать. Негативу нет места в моей голове. Я оптимист по природе. Больше всего не люблю лицемерных, неискренних людей. Мне всегда хочется есть. Я часто влюбляюсь».

Здесь мы видим картину, где прослеживаются многие виды напряженности психологической защиты. Следовательно, в студенческом социуме уместно проводить комплексную работу. Кто-то любит лошадей, кто-то голубей любит кормить, кому-то нравятся цветы, а кого-то исцеляет музыка и поэзия. Акцент направлен на психологическое консультирование, игры, тренинги, беседы, а также тесты и, конечно же, необходим индивидуальный подход. Решение проблемы, по Джону Кехо - подсознание может всё. При отсутствии родителей, посредством ваших друзей, куратора можно восполнить эмоциональное состояние. Никакого насилия, человек сам, непроизвольно, занимается любимыми вещами. У каждого из нас должен быть «свой Прометей». Учитывая все параметры, при возможности стоит проводить больше времени на природе. Нужно приучить себя к маленьким путешествиям. Посадка деревьев, смотреть на звёзды, собирать в лесу, в горах ягоды, грибы. Это разве не счастье? (Говоря словами современной молодёжи, в расчёт не берутся тусовки и какие-то пати).

Страничка педагога-психолога-консультанта

На заметку куратору и студенту!!!

Некоторые рекомендации. Надеемся, что они кому-то даже очень помогут. Студент не должен страдать!

Настрой себя. Отчетливо представляй себе цель. Вывод здесь один: оцени свои возможности и с первых дней начни штудировать материал.

Поменяй мысли. Главное - избегай мыслей наподобие «А что будет со мной, если я вдруг не сдам экзамен и не наберу баллы?». Нужно всего лишь заменить их на более уверенную формулировку: «Я уверен(-а), спокоен(-а) и вполне в себе».

Оптимальные методы. Ты знай, что тревожность связана с неуверенностью в своих силах. А уверенность, в свою очередь, зависит от качества подготовки.

Актуальная видео-запись своих конспектов поможет подготовить и учить материал на ходу, а также ты сможешь прослушивать и повторять его во время прогулок и отдыха вне учебного заведения.

Составь план подготовки к экзамену. Делай короткие перерывы при подготовке к экзамену. Приучи себя отдыхать, не дожидаясь усталости - это лучшее средство от переутомления. Обойдись без стимуляторов (выработайте в себе эту привычку, т.е превратите её в позитивную).

Служба психологической помощи к Вашим услугам.
Звоните прямо сейчас!

М.К. Ертаева 87754573768
m.ertaeva@mail.ru

Делегация Северо-Западного университета сельского и лесного хозяйства (КНР) в КазАТУ



Казахский агротехнический университет им. Сакена Сейфуллина посетила делегация Северо-Западного университета сельского и лесного хозяйства (КНР) во главе с президентом университета г-ном Сан Куиксин.

Цель визита: обсуждение дальнейшего сотрудничества вузов-партнеров.

В мероприятии приняли участие Председатель Правления АО «Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина» Куришбаев А.К., заместитель председателя Правления Могильный С.В., директор ЦРМСиПЯО Мейрамова С.А., деканы и профессора факультетов.

В ходе встречи Председатель Правления Куришбаев А.К. и президент Северо-Западного университета сельского и лесного хозяйства Сан Куиксин подписали Протокол № 1 к Меморандуму о Взаимопонимании (МОВ) от 10 мая 2016 года, в рамках которого будут создаваться совместные научно-исследовательские центры в следующих отраслях: Центр молекулярно-генетических исследований и селекции сельскохозяйственных растений и животных; Центр эффективного использования воды в сельском хозяйстве, с демонстрацией водосберегающих систем орошения, системы очистки и повторного использования сточных вод; Центр технологий органического сельского хозяйства. Важно отметить, что Северо-Западный университет сельского и лесного хозяйства является самым крупным вузом в КНР.

Кроме того, во время встречи и плодотворного диалога, Стороны пришли к взаимовыгодному соглашению: создать одну научно-исследовательскую лабораторию с университетом Девис в Калифорнии (США) по селекции засухоустойчивых культур, а другую – с университетом Аделаида (Австралия) по пищевой безопасности продуктов. Также к договоренности о совместном развитии нового кампуса КАТУ посредством создания Центра распространения знаний.

В рамках совместной подготовки кадров, Северо-Западный университет сельского и лесного хозяйства выделил 6 грантов на обучение по специальностям докторантуры на 2017 год.

По завершению мероприятия, Стороны подписали меморандум по обмену ППС и обучающихся между двумя вузами-партнерами.



Открытие сезона игры КВН

В Казахском агротехническом университете им.С.Сейфуллина прошла межфакультетская игра КВН первых курсов.

Сборная КВН университета «КазАТУ құрамасы» подготовила студентов первых курсов к фестивалю, провела мастер-классы поведения на сцене, раскрытия артистических навыков, написания сценария.

В юмористическом фестивале КВН приняло участие 13 команд:

«Эконом» экономического факультета, «Арық жігіттер» архитектурного факультета, «Айболит жастары» факультета ВиТЖ, «Проездной» сборная команда студенческого профкома, «Арх құрамасы» архитектурного факультета, «Жайдарлы» факультета КСиПО, «Техникалық факультет ұлдары», «Учхоз сити» факультета ВиТЖ, «КСиПО құрамасы», «Техникалық факультет қыздары», сборная агрономического факультета, сборная землеустроительного факультета, сборная энергетического факультета.

Команды в юмористической форме осветили проблемы общества и студенчества, пели и танцевали, выступление всех команд было достойным.

В состав жюри вошли проректор по воспитательной работе Кусаинова Ж.А., главный редактор союза КВН Казахстан Елжанов Р., представитель управления по вопросам Молодежной политики г.Астана Жунибеков Б., капитан команды «Туран-Астана» Ж.Жамаш и председатель комитета по делам молодежи КазАТУ Кукеева А.

Почетные гости вечера: президент союза КВН Казахстана Е.Елеукен, чемпионы игр КВН, проходивших в Астане, участники сборной команды «Коргалжын».

По итогам игры Гран-при фестиваля КВН завоевала команда технического факультета «Техникалық факультет ұлдары», I место заняла сборная команда землеустроительного факультета, II место - команда «Учхоз сити» факультета ВиТЖ, III место - «Проездной», сборная команда студенческого профкома.



Еңбек ардагерлері арасында шахматтан турнир өтті

Астана қаласының еңбек ардагерлері ұйымының ұйымдастыруымен Павлодар қаласының еңбек ардагерлері арасында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде шахматтан турнир өтті. Турнирде Астана қаласының ардагерлері жеңіске жетті, соңында аталған ұйымның «Арқа әуендері» атты әншілер тобы өнерлерін көрсетті. Ойын соңында жеңген командаларға және ерекше белсенділік көрсеткен жеке ойыншыларға Кубок және Мадақтау қағазы табыс етілді.



Жаши юбиляры

Поздравляем вас с юбилеем! От всей души желаем вам крепкого здоровья, творческого долголетия, счастья, добра и благополучия, новых добрых дел и интересных плодотворных идей!

- 1. Бисенов Ж. А. - доцент, доктор наук, 01.09.1966 г.*
- 2. Жанбусинова М. Х. - старший преподаватель, 17.09.1966 г.*
- 3. Нурбаева Н. А. - доцент, кандидат наук, 03.10.1956 г.*
- 4. Саноцкая Б. П. - лаборант, 05.10.1946 г.*
- 5. Канаев А. Т. - профессор, доктор наук, 06.10.1941г.*
- 6. Курмангалиев Ж. С. - старший преподаватель, 18.10.1946 г.*
- 7. Жумагулов И. И. - доцент, кандидат наук, 27.10.1956 г.*



С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті. Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығының директоры - Б. Имангалиев, шығарушы редакторы - Ж. Естекбаева, Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы, редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62, Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана. Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.